

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 1 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағында еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Заң ұсынылып отыр.

Келісімге өзгерістер енгізу 2018 жылы еркін кеден аймағының кедендік рәсімін қолдануды реттейтін Еуразиялық экономикалық одақтың жаңа Кеден кодексінің қабылдануына байланысты.

Хаттамаға сәйкес келісімнен кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде бекітілген нормалар алынып тасталады. Сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың және одақтың Кеден кодексі нормаларына сәйкес терминологияны өзектендіру көзделеді.

Хаттамаға сәйкес еркін кеден аймағының кедендік рәсімі қолданылатын арнайы экономикалық аймақ аумағы осы одаққа мүше мемлекеттің заңнамаларына сәйкес айқындалады.

Еркін кеден аймағының кедендік рәсімі қолданылатын арнайы экономикалық аймақ аумағында еркін кеден аймағының кедендік рәсімімен енгізілген шетелдік және одақтың тауарлары орналастырылуы мүмкін. Сонымен қатар одаққа мүше мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес тыйым салынған тауарларды қоспағанда шетелдік және одақтың өзге де тауарлары болуы мүмкін.

Хаттамада одаққа мүше мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес арнайы экономикалық аймақ аумағында кейбір санаттағы тауарлардың болуына және пайдаланылуына тыйым салу мүмкіндігі көзделеді.

Хаттама талаптары бойынша арнайы экономикалық аймаққа тіркелген резидент міндетті түрде Еуразиялық экономикалық одақтың сайтында кәсіпорын мәліметтерін жариялау қажеттілігі және еркін кеден аймағының кедендік рәсімдері одақтың Кеден кодексіне сәйкес қолданылатындығы қарастырылған.

Келісімді ратификациялау туралы заңның қабылдануы теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқпайды.

Заң жобасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар болған жоқ.

Құрметті әріптестер! Жоғарыдағы баяндалғандардың негізінде заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өкіліне.

Еркін экономикалық аймақтар мәселелері жөніндегі келісімге енгізілген түзетулерге сәйкес еркін кеден аймағының кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды пайдалана отырып дайындалған (алынған) тауарлардың мәртебесін айқындайтын 10-бап алынып тасталады. Бұл ретте арнайы экономикалық аймақ аумағында осы тауарлардың мүмкіндігін көздейтін 9-баптың жаңа редакциясы беріледі. Осылайша барынша тікелей әрекет ететін бірыңғай кеден заңнамасы құрылады деп болжанады.

Сонымен қатар арнайы экономикалық аймақты айтатын болсақ, Жоғары аудиторлық палатаның бағалауы бойынша салынған бюджет қаражатының экономикалық қайтарымы жоқ. Мысалы, «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының қатысушыларынан 2013 – 2020 жылдары салық түріндегі 16,3 миллиард теңге құрайтын қайтару көлемі бюджеттен жұмсалған қаражаттан 10 есе аз көлемде қалыптасыпты. Арнайы экономикалық аймақ аумағында 18,3 миллиард теңге сомасында шығарылған өнімнің тек қана 2,1 миллиард теңгесі экспортқа жіберілді. Осыған байланысты менде сұрақтар туындап отыр.

Қазақстан үшін осы кедендік рәсімнің қандай нақты тауарларға қатысты пайдасы болуы мүмкін? Оның экономикалық есептеулері бар ма?

Ұлттық экономиканы әртараптандыруға, экспортқа бағдарланған шикізаттық емес сектордың жаңа өндірістерін құруға осы енгізіліп жатқан түзетулер ықпалын тигізеді ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Оспанов Ілияс Есетұлы, жауап беріңіз.

ОСПАНОВ І.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Жанна Бейсентайқызы! Жалпы қаралып отырған құжат аталған мәселелерге тікелей әрекет етпейді, дегенмен қазіргі таңда аталып өткен тексерістің шеңберінде Жол картасы әзірленген еді. Сол Жол картасының шеңберінде бірқатар мәселелер қаралған, ол заңнамалық өзгерістер және басқару компанияларының жұмысын реттеуді көздеп отыр.

Сол заңнама шеңберінде жасалғанның бірі аралас (комбинированный) режим деп аталады. Бізде қызметтің басым түрлерін кеңейту мәселелері қиын болғандықтан аралас (комбинированный) режим енгізіліп, қазіргі таңда арнайы экономикалық аймақтардың жаңа қатысушыларының тезірек рәсімделуіне ықпал етіп, оның мерзімін қысқартып отыр.

Жалпы экономикалық тиімділіктерін айтатын болсақ, қазіргі таңда арнайы экономикалық аймақтардың жалпы инфраструктурасына 450 миллиард теңгедей қаражат жұмсалған еді. Алайда өткен жылдың есебі бойынша оның 360 миллиард теңгесі салық ретінде қайтарылды. Дегенмен басты көрсеткіштердің бірі, бұл арнайы экономикалық аймақтың шеңберінде Қазақстанда шығарылмаған бірталай жаңа тауарлар мен жалпы осы уақытта шығарылған өнімнің сомасы 7 триллион теңгеден асып отыр. Оның 450 миллиарды экспортқа шығарылған. Осы сандарға қарайтын болсақ жалпы арнайы экономикалық аймақ қазіргі таңда салынған өзінің қаражаттарын жаңа-жаңа ғана ақтай бастады деп айтуға болады.

ТӨРАҒА. Ілияс Есетұлы, жалпы бұл үлкен мәселе. Біздің әріптесіміздің көтеріп отырған сұрақтары өте орынды деп есептейміз. Жалпы Жоғары аудиторлық палатаның бізде қағаздары бар. Сіз барлығы дұрыс деп жатырсыз. Әріптесіміз Жанна Бейсентайқызы бірнеше фактіні айтып кетті, соған тағы да бір тоқталсақ.

Вы говорите о том, что в целом более или менее работа по СЭЗ идет и так далее. Сейчас мы не будем рассматривать влияние этого соглашения, посмотрим по СЭЗ, потому что в целом вопрос по СЭЗ очень актуальный, и Глава государства несколько раз поднимал вопрос эффективности деятельности свободных экономических зон.

СЭЗ «Национальный индустриальный нефтехимический технопарк» в городе Атырау работает же? Работает. В соответствии с данными Высшей аудиторской палаты, которые нам представили, мы сейчас готовимся к отчету Правительства по бюджету. В эту СЭЗ государством вложено за последние годы 162 миллиарда тенге. В то же время за период с 2013 по 2020 годы (7-8 лет) налогов заплатили участники этой СЭЗ на сумму 16 миллиардов тенге. Государство за эти годы вложило 162 миллиарда тенге, налогов получило 16 миллиардов тенге, то есть 10 процентов от той суммы, которую государство

вложило. Наверное, вы можете аргументировать, что это начало, потом результаты будут и так далее. Может быть и так. Но мы же смотрим на факты, мы не берем факты из интернета, социальных сетей, мы берем факты Высшей аудиторской палаты, представленный документ.

Огромная сумма вложена в эту СЭЗ, в то же время инфраструктура обеспечена только на 17 процентов, получается, более 80 процентов инфраструктуры не построено в этой СЭЗ.

Следующий факт, тоже в рамках тех документов, которые мы получили. Инвестиции, которые туда вложены, идут фактически 100 процентов, 99,6 процента – это инвестиции квазигосударственного сектора. СЭЗ создается для привлечения иностранных, местных, отечественных инвестиций. Если мы создаем СЭЗ, вкладываем огромные средства, получаем отдачу только 10 процентов в виде налогов, при этом инвестируют туда квазигосударственные компании, тогда о какой эффективности этой зоны мы можем говорить? Мы просто идем по фактам. Квазигосударственный сектор мог бы и без СЭЗ инвестировать, по сути, он мог бы эти предприятия построить в других регионах. Здесь, в принципе, можно обсуждать.

В этой связи, мне кажется, по СЭЗ должен быть серьезный разговор. Еще раз подчеркну, Глава государства несколько раз поднимал вопрос эффективности СЭЗ.

Уважаемые коллеги, наверное, сейчас дискуссию на эту тему не будем разворачивать. Я попрошу наш Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству, Сүйіндік Тасеменұлы, 15 маусымда бюджеттің орындалуына байланысты Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның есебін тыңдаймыз ғой, сол кезде осы мәселені көтерейік, сіздер комитетте ақылдасып, жақсылап тұрып дайындалсаңыздар. Үкімет мүшелері келген кезде біз осы мәселелерді жан-жақты көтеруіміз керек. Еркін экономикалық аймақтардың тиімділігі, жұмсалып жатқан қаржылардың дұрыс жұмсалуына қатысты өзіміздің ойларымызды айтуымыз керек шығар, Жоғары аудиторлық палатаның өкілдері де өздерінің ойларын айтатын шығар. Сондықтан екі аптадан кейін осы мәселеге қайта оралып, оны жан-жақты талқылауымыз керек деп есептеймін.

Бұл сіздердің де жұмыстарыңызда ескеретін үлкен мәселе. Бәрі дұрыс деп сіз бізге ақпараттарды беріп жатырсыз, бірақ бізге де көптеген ақпарат келіп жатыр. Сондықтан сіздердің беріп жатқан кейбір ақпараттарыңыз бен біз алып жатқан ақпараттар бір-біріне сәйкес келмей жатады. Ол онша жақсы нәрсе емес. Осы мәселелерге назар аударуларыңызды сұраймыз.

Құрметті әріптестер, сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Ілияс Есетұлына.

Қаралып отырған хаттамамен келісімнің 5-бабына да өзгерістер енгізу ұсынылған. Осы бапқа сәйкес еркін экономикалық аймақтар аумағында кәсіпкерлік және өзге қызметтер, оның ішінде тыйым салынатын түрлері Кеден одағына мүше мемлекеттердің

заңнамасына сәйкес реттеледі және жүзеге асырылады. Сонымен қатар келісімнің 5-бабының екінші абзацында Кеден одағының комиссиясы еркін экономикалық аймақтарда тыйым салынған қызмет түрлерін белгілеуге құқылы делінген. Осы абзацтағы еркін экономикалық аймақтар аумағында тыйым салынған қызмет түрлерін белгілеу туралы шешімді Кеден одағының комиссиясы келісу жолымен (консенсус) қабылдайды деген норманы қаралып отырған хаттамамен алып тастау көзделген. Осыған байланысты төмендегі сұрақтар туындайды:

Аталған норманы алып тастау себебі неде?

Осы ұсынылып отырған өзгерту нәтижесінде келісу (консенсус) жолымен қабылдау тетігі болмағандықтан Кеден одағының комиссиясы белгілі бір қызмет түріне тыйым салу туралы шешімдерін қандай негізге сүйеніп қабылдайтын болады?

Келесі мәселе, жоғарыда айтылғандай еркін экономикалық аймақтарда жүзеге асыруға тыйым салынған қызмет түрлерін белгілеу одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларымен реттеледі делінген. Алайда келісімде Кеден одағы комиссиясының құзыретіне де еркін экономикалық аймақтарда тыйым салынған қызмет түрлерін белгілеу құқығы берілген.

Осы тұста аталған баптың нормаларына қатысты ішкі қарама-қайшылықтар мен сәйкессіздіктер орын алып отырған жоқ па және алдағы уақытта бұл келісімді іске асыру барысында кедергі тудырмай ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Илияс Есетұлы, жауап беріңіз.

ОСПАНОВ І.Е. Сұрағыңызға рақмет. Жалпы бұндай бөлек тізім шығару құқығы бар. Алайда практикаға сүйенсек, практикада бұндай әлі бірде-бір рет іске асырылған емес, өйткені ондай қажеттілік тумаған. Жалпы оның идеясы салық жағына жақын, егер қандай да бір қарама-қайшылықтар, не шектеулер болатын болса сондай тізім қабылданатын болады. Қазіргі күні жалпы еркін экономикалық аймақтардың территориясында акциз тауарлары, құмар ойындар және ГМК саласындағы қызметтерді атқаруға болмайды, басқа шектеулер жоқ. Ал қарама-қайшылық, келе ме, келмей ме, ол жағдайға қарай бөлек қарастырылатын болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қалтаев Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос к представителю Министерства индустрии и инфраструктурного развития.

Рассматриваемый Протокол о внесении изменений в Соглашение по вопросам свободных (специальных, особых) экономических зон (далее –СЭЗ) на таможенной территории таможенного союза и таможенной процедуры свободной таможенной зоны предусматривает актуализацию терминологии в соответствии с нормами Таможенного кодекса ЕАЭС.

Согласно статье 9 соглашения на территории СЭЗ могут размещаться и (или) использоваться иностранные товары и товары Союза, помещаемые под таможенную процедуру свободной таможенной зоны в соответствии с Таможенным кодексом Союза, а также иные иностранные товары и товары Союза, за исключением иностранных товаров, которые в соответствии с законодательством государства-члена, на территории которого создана СЭЗ, запрещены к размещению на территории СЭЗ.

Пожалуйста, поясните. Какие иностранные товары и товары Союза понимаются под «иными товарами» (в новой редакции), которые разрешается размещать на территории СЭЗ? О какой категории товаров, запрещенных к нахождению (размещению) на территории СЭЗ, идет речь? Есть ли такой перечень? Идентичен ли этот перечень для всех пяти стран государств – членов ЕАЭС? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ілияс Есетұлы, жауап беріңіз.

ОСПАНОВ І.Е. Спасибо за вопросы.

В целом вопросы смежные, близкие. В части запрещаемых товаров. На практике такого пока еще не возникало, что мы издавали право. Тем не менее, чтобы в будущем предотвратить какие-то нежелательные последствия, было предусмотрено такое право.

В части иных товаров. Здесь вопрос в части регулирования таможенных процессов. У нас есть два вида товаров. Товары, которые подпадают вне зависимости, иностранные или Союза... То есть они либо подпадают, либо не подпадают под регламенты. Если товар не подпадает, понятное дело, он платит налоги, и как стандартный товар на территории Казахстана передвигается.

Если товар подпадает под режим СЭЗ, тогда он освобождается, и предоставляются определенные преференции.

Тем не менее в соответствии с законодательством есть иные товары, которые не относятся к этим двум категориям, это, как правило, транспортные средства, которые признаются товаром, или элементы, которые позволяют транспортировать товар. Они не могут относиться к процедурам и декларироваться. Они прибывают в СЭЗ в виде товара, но они для временного потребления, временного использования и осуществления вспомогательных видов деятельности. Для этого была предусмотрена такая специальная норма, чтобы их высвободить от процедур.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әлібек Ибатуллаұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Вносимые протоколом изменения предоставят возможность актуализировать необходимые нормативно-правовые документы государств – членов ЕАЭС с учетом нового Таможенного кодекса ЕАЭС.

Рассматриваемым протоколом территория свободных экономических зон признается частью таможенной территории ЕАЭС, на которой могут размещаться или использоваться товары государств – членов ЕАЭС и иностранных государств, помещаемые (помещенные) под таможенную процедуру свободной таможенной зоны.

В каждой стране ЕАЭС имеются отраслевые законы, регулирующие деятельность свободных экономических зон. При этом в соответствии со статьей 18 Закона Республики Казахстан «О специальных экономических и индустриальных зонах» предусмотрены лица, которые не могут стать участниками свободных экономических зон:

- 1) недропользователи;
- 2) организации, производящие подакцизные товары;
- 3) организации и индивидуальные предприниматели, применяющие специальные налоговые режимы;
- 4) организации, применяющие инвестиционные налоговые преференции, по незавершенным контрактам, заключенным с уполномоченным государственным органом по инвестициям до 1 января 2009 года;
- 5) организации, реализующие (реализовавшие) инвестиционный приоритетный проект и инвестиционный стратегический проект;
- 6) организации, осуществляющие деятельность в сфере игорного бизнеса.

Вместе с этим согласно пункту 3 статьи 6 соглашения Евразийская экономическая комиссия формирует общий реестр резидентов СЭЗ. И мы как страны – участники ЕАЭС должны будем размещать информацию на официальном сайте ЕАЭС о включении новых участников казахстанских СЭЗ либо вносимых изменениях в реестр казахстанских СЭЗ.

В целом принятие закона будет способствовать социально-экономическому развитию государств – членов ЕАЭС, привлечению инвестиций, созданию и развитию производств, основанных на новых технологиях, развитию транспортной инфраструктуры.

Құрметті әріптестер, мен заңды толығымен қолдаймын, сонымен қатар сіздерді де оны қолдауға шақырамын.

Баяндама аяқталды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, бұл заң Еуразиялық экономикалық қоғамдастық аясында Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шартты жетілдіруді көздейді. Атап айтқанда, келісім арқылы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін экономикалық аймақтардың жекелеген мәселелерін қосымша реттеу ұсынылып отыр.

Алдағы уақытта мақұлданған заң тараптардың экономикалық ықпалдастығын одан әрі дамытуға оң әсерін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «1998 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы Өзара қатынастар туралы келісімге Қосымша келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Вашему вниманию представлен Закон Республики Казахстан «О ратификации Дополнительного соглашения к Соглашению между Республикой Казахстан и Святым Престолом о взаимоотношениях от 24 сентября 1998 года».

Дополнительное соглашение было подписано 14 сентября 2022 года в столице в рамках апостольского (государственного) визита Папы Римского Франциска в Республику Казахстан.

Заключение международного договора об уточнении порядка выдачи разрешения на пребывание членам Католической Церкви из-за рубежа на территории Казахстана стало важным свидетельством дальнейшего развития сотрудничества между Республикой Казахстан и Святым Престолом.

С момента установления дипломатических отношений между Казахстаном и Святым Престолом в октябре 1992 года между ними был заключен ряд международных договоров, включая Соглашение о взаимоотношениях от 24 сентября 1998 года.

Дополнительное соглашение направлено на обеспечение эффективной реализации основного соглашения 1998 года и регулирует порядок предоставления разрешения на постоянное проживание в Республике Казахстан членам Католической Церкви из-за рубежа, назначенным на службу в отдельные церкви или иные учреждения Католической Церкви на территории Казахстана.

Для них упрощается порядок получения разрешения на постоянное проживание. В частности, исключаются требования о подтверждении платежеспособности и места проживания. При этом подтверждения платежеспособности и места проживания будут заменены письменными обязательствами компетентного органа Католической Церкви.

А в случае необходимости аннулирования подобного разрешения на постоянное проживание достаточно направления уведомительного документа компетентного органа Католической Церкви в компетентные государственные органы Республики Казахстан о прекращении служения члена Католической Церкви из-за рубежа в Республике Казахстан.

Ожидаемыми положительными результатами принятия Закона «О ратификации Дополнительного соглашения к Соглашению между Республикой Казахстан и Святым Престолом о взаимоотношениях от 24 сентября 1998 года» являются продвижение межконфессионального согласия и межрелигиозного диалога со стороны Республики Казахстан на международной арене и укрепление мира, согласия в нашем обществе.

От постоянных комитетов Сената замечаний и предложений по закону не поступало.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «1998 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы Өзара қатынастар туралы келісімге Қосымша келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Өздеріңіз білетіндей, 1998 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы өзара қатынастар туралы келісімді Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 18 қазанда ратификациялады және ол екі елдің дінаралық диалогын дамытуға ықпал етті. Осыған байланысты 1998 жылғы келісімді барынша тиімді іске асыру мақсатында католик шіркеуінің мүшелеріне Қазақстан аумағында тұруға рұқсат беру тәртібін нақтылау туралы қосымша келісім жасасу қажеттілігі туындағаны белгілі.

Бұл құжат Қазақстан мен Қасиетті Тақ арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға негіз болады. Бұл ретте жаңа талаптар бойынша католик шіркеуі мүшесінің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаты қандай жағдайларда өз күшін жояды және оның рәсімдері қандай болмақ? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Қожаев Марат Шәдетханұлы, жауап беріңіз.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Жаңа Андрей Иванович баяндағандай, осы келісім бойынша шіркеу қызметшілері мерзімі біткенде бізге «мерзімі бітті, қызметінің аяғына жетті» деп он күннің ішінде мәлімет жіберсе, біз ол миссионердің визасының күшін жоямыз. Ол құжаттарын алып, отыз күннің ішінде біздің мемлекеттен шығып кету керек. Сол себептен келісімге ешқандай өзгерістер енгізіліп жатқан жоқ.

ТӨРАҒА. Марат Шәдетханұлы, уақыты бітіп жатса түсінікті ғой. Егер біздің заңдарымызды сақтамай жатса, тәртіп бұзушылық болып жатса, онда осы Қазақстанда тұруына шектеулер қойылып, берілген құжаттар күшін жояды ғой, солай ғой?

ҚОЖАЕВ М.Ш. Біздің заңнамаларда ықтияр хат бермеудің 17 себебі бар. Егер ондай бұзушылықтар болса, онда бізге ешқандай өзгерістер енгізудің керегі жоқ.

Қылмысқа тартылған адамдар болса, біздің қауіпсіздігімізге нұқсан келтіретін әрекеттер жасап жатса, онда біздің заңнамаларда ондай себептер көрсетілген.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б. Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрағым Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Қарастырылып отырған келісімге сәйкес Қасиетті Тақ тарапынан келетін қызметкерлердің мақсаты миссионерлік, яғни дін тарату болып табылады. Сонымен қатар баршамызға белгілі, біздің елімізде әлемдегі ең ірі дәстүрлі дін ағымдарының ұстанушылары шоғырланған. Олардың ортақ ұстанымы – адамдардың дұрыс жолда өмір сүруі болып табылады. Осы орайда менің сұрақтарым бар.

Бірінші. Қасиетті Тақ тарапынан келетін қызметкерлер еліміздегі басқа дін өкілдерімен бірлесе отырып гуманитарлық көмек шараларын ұйымдастырады ма?

Екінші. Олардың дін таратудан басқа қандай мақсаттары бар? Рақмет.

ТӨРАҒА. Марат Шәдетханұлы, жауап беріңіз.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Сұрағыңызға рақмет. Шынында да осы аталған шіркеу қызметкерлері осы шіркеуге келген сыйынушылармен ғана жұмыс жасайды. Бұл ретте католик шіркеуі орасан гуманитарлық қайырымдылық қызметтерімен айналысады, қайырымдылық жобаларын ұйымдастырып, жетімдер үйлеріне барады, кедей отбасыларға көмектеседі, медициналық мекемелерге көмектесуге тырысады, басқа дін өкілдерінің жиындары мен кеңестеріне, басқа да гуманитарлық іс-шараларға қатысуға тырысады. Одан бас тартпайды.

Бұндай адамдардың өмір сүру салты басқаша, бұл кісілер елге ақша табу үшін келмейді, ешқандай кәсіппен айналыспайды, яғни басты мақсаттары діни миссия. Сол себептен осы мәселелердің бәрі осы келісімге қол қояр алдында ескерілді.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің де сұрағым Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Қосымша келісімнің 6-тармағына сәйкес айрықша жағдайларда ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті және халықтың денсаулығын сақтау мақсатында Қазақстан дипломатиялық арналар арқылы Қасиетті Таққа жазбаша хабарлама жіберіп, осы келісімнің қолданылуын уақытша, ішінара немесе толық тоқтатуға құқылы. Осыған байланысты сұрақ туындап отыр.

Аталған келісімге қатысты ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті және халықтың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін қандай жағдайлар түсіндірілген?

Шарт қай мерзімге тоқтатыла алады және бізде бүгінде осындай тәжірибе болды ма, бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Сұрағыңызға рақмет. Осы келісімнің күшін уақытша тоқтатудың кейбір жағдайларда мүмкін болуы мынандай жағдайлармен байланысты. Мысалы, біздің елде төтенше жағдай болуы мүмкін, ол кезде де осындай келісімдердің шартын уақытша тоқтатуға мемлекеттің мүмкіншілігі болу керек. Бұл бір.

Екінші себебі (осы жақында ғана өзіміздің басымыздан өткен жағдай), эпидемия немесе пандемия кезінде мемлекеттер арасында адамдардың қозғалысы мен тауар алмасу уақытша тоқтатылуы мүмкін. Сол кездерде немесе террористік іс-шаралар, қатерлі қауіптер төнген жағдайда осындай келісімдердің шартын уақытша тоқтатуға мүмкіншілігіміз болу керек еді, сол себептен келісімде осындай шаралар ойластырылып енгізілген.

Келісімнің шарты дипломатиялық каналдар бойынша жіберіледі. Тоқтату туралы ұсыныс жіберілсе, онда алғаннан кейін 30 күннің ішінде сол себептер жойылғанша уақытша тоқтатылады.

Біздің Ішкі істер министрлігінің саласында әлі ондай келісім тоқтататын шарт қолданылған жоқ.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Спасибо, Андрей Иванович, присаживайтесь.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Тастекеев Қайрат Құлбайұлына беріледі.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! Бүгінгі заң Қазақстан мен Қасиетті Тақ арасындағы Қосымша келісімді ратификациялау туралы.

Өздеріңіз білетіндей, бұл келісімге Рим Папасы Францисктің Қазақстанға былтырғы іссапары барысында қол қойылды.

Аталған шарт католик шіркеуі қызметшілерінің санатын, тиісті субъектілерді және құзыретті органдарды нақтылайды, тұрақты тұру тәртібі жеңілдетіледі. Атап айтқанда, банк шотында ақша болуын және тұратын жерін растау туралы талаптар алынып тасталды. Олардың орнына католик шіркеуінің жазбаша растауы жеткілікті болады. Нақты айтқанда, шетелдік дін қызметшілері Қазақстанға миссионерлік виза бойынша алты ай мерзімге келе алады және оны ұзарту құқығы шектеусіз беріледі.

Бүгінгі күні елімізде католик шіркеуінің 232 шетелдік миссионері тұрып жатыр.

Құрметті депутаттар! Аталған ұсыныстар конфессияаралық келісімді нығайтуға, халықаралық деңгейде еліміздің құқықтық мемлекет ретінде абыройын арттыруға септігін тигізеді деп есептейміз.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«1998 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы Өзара қатынастар туралы келісімге Қосымша келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, былтыр елімізде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі өткені белгілі. Аталған съезге қатысу үшін Қазақстанға әлемдік деңгейдегі дін көшбасшылары келген болатын. Олардың қатарында Рим Папасы Франциск те болғанын білесіздер.

Бүгін мақұлданған Қосымша келісім Рим Папасы Францисктің ресми сапары аясында жасалған болатын. Бұл құжат алдағы уақытта Қазақстан мен Қасиетті Тақ арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, барлық мәселелер қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

ТӨРАҒА. Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Заместителю Премьер-Министра – Министру финансов Жамаубаеву.

